

«Қостанай таңы» №127 (18336) 6.11.15ж.

Арнайы сыйлыққа ие болды

Шымкент қаласында ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасында өткен республикалық «Парасатты полицей» байқауына ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының «Қабылбаев ұрпақтары» командасы қатысып келді. Байқауға Алматы мен Астана қалалары және ішкі істер министрлігінің ведомстволық жоғары оқу орындары қызметкерлерінен іріктелген 20 команда қатысты.

Байқаудың мақсаты мен міндеті – мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау, тәртіп сақшыларының бойында Отанға деген сүйіспеншілікті дамыту, полиция қызметкерлерінің қоғамдағы оң имиджін қалыптастыру, ішкі істер органдары қызметкерлерінің мемлекеттік тілге деген құрметін және құқықтық мәдениетін, ізгілік пен парасаттылық рухын арттыру.

Білімдерімен біліктілігін көрсете білген «Қабылбаев ұрпақтары» командасы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығының (Шымкент қ.) арнайы сыйлығымен марапатталды.



Академия командасын қабылдаған Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов команда мүшелеріне алғысын айтып, алдағы жылы өтетін республикалық конкурса жоспарлы түрде дайындық жүргізуді тапсырды.

**Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
мемлекеттік тіл
бөлімшесінің бастығы**